

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика
академиясы**

№2 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

Презентация

Көбінесе жыныс жолдарымен берілетін
содай- ақ Ақтқ және Житс – пен
инфекцияланған науқастарды медицина –
әлеуметтік қорғау

Орындаған: Сұлтанова Р.А.
Тобы: 401 «Б» МІК

ЖОСПАР

- **Кіріспе**
- **Негізгі бөлім**
- **Жыныстық жолмен берілетін инфекциялық науқастар**
- **АҚТҚ және ЖИТС-тағы медициналық әлеуметтік көмек**
- **Қорытынды**
- **Пайдаланылған әдебиеттер**

-
- **Жыныс жолдары арқылы жұқтырылатын инфекциялар**
 - Жыныс жолдары арқылы жұқтырылатын инфекциялар (ЖЖЖИ) – бұл жұқпалы аурулар, оның себебі құрамында вирустар, бактериялар немесе қарапайым қоздырғыштар болуы мүмкін микробтар (қоздырғыштар) болып табылады. Бұл микробтар (қынаптық, көтен немесе ауыз арқылы) жыныстық қатынас жасау барысында ауру адамнан сау адамға жұғады. Оның үстіне кейбір инфекциялар (АИТВ, В,С, Д гепатиті) қан арқылы да жұғады.

□ Жыныс жолдары арқылы жұқтырылатын инфекцияларға жататындар:

- соз,
- хламидиоз,
- мерез,
- трихомониаз,
- гениталдық ұшық,
- ВИЧ/СПИД,
- гарднереллез,
- микоплазмоз,
- гениталдық кандидоз,
- гениталдық үшкір кандиломдар
- В, С, Д гепатиттері
- басқалары (барлығы 20-дан асатын ауру түрі).



-
- **ЖЖЖИ жұқтырудан қалай сақтануға болады**
 - Некелескенге дейін жыныстық қатынас жасама.
 - Бір адаммен ғана жыныстық қатынас жаса;
 - Мүшеқап қолдану арқылы өзіңнің жыныстық қатынасындағы қауіптілікті азайт.

-
- **АИТВ жұқпасы және ЖИТС ауруы.**
 - АИТВ-адамның иммундық тапшылық вирусы және ЖИТС – жұқтырылған иммундық тапшылық синдромы.

-
- Инфекция көзі вирус (ретровирус) жұқтырып алған адам — *вирус тасымалдаушылар*.
 - Вирус көп мөлшерде қанда, спермада, қынап кілегейінде, емшек сүтінде болады.

-
- Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан әсіресе вирус тасымалдаушылар өте қауіпті.

□ **Жұғу жолдары.**

- Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары мынадай: жыныстық қатынас; вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда) анасынан нәрестеге жұғу арқылы.

-
- АИВ-тің шаңмен, ауалы-тамшылы, фекальды-оральды (ауыз қуысы арқылы) жолмен жұқпайтыны толық анықталған. Яғни адамдар сүйіскенде, сөйлескенде, түшкіргенде, жөтелгенде, қол алысқанда, ортақ дәретхананы, ваннаны, душты, бассейнді пайдаланғанда, сондай-ақ тағамдар мен ыдыстар арқылы ЖИТС вирусы жұқпайды. Сырт киімдерді алмастырып кигенде, тіпті бір төсекте жатып ұйықтаған кезде де ЖИТС вирусының жұғу қаупі жоқ.

Медициналық – әлеуметтік көмек

- Көп жағдайда адамда АИТВ-ға бірінші рет талдау тапсырғанда көрсеткіштер басқа болып шығады. Ретровирусқа қарсы терапия дәрігердің тағайындауы, мамандардың қадағалауы бойынша нұсқаулыққа сәйкес қатаң түрде қолданылады. Егер дәрі–дәрмекті дұрыс тәртіпте қолданбаса, ол күшін жоғалтады.

□ ЖИТС-пен ауыратын науқастар
ЖИТС туралы, аурудың қауіптілігі
туралы, берілу жолдарын білуі керек
және ауруды басқаларға жұқтырудан
сақтану керек!!!

-
- Дәрігерлер тек ЖИТС-тің емін білуге емес, ЖИТС туралы науқастарды хабардар етуіге, аурудың актуальдығын, профилактикасын, онымен күресу жолдарын қарастыруы керек.

-
- Әртүрлі инфекциялардан сақтанудың ең тиімді тәсілі — **вакцина егу.**
 - ЖИТС-пен науқастанудан сақтанудың маңызды шаралары мыналар: әлеуметтік, халықаралық, мемлекеттік шаралар; жеке басты қорғауға бағытталған шаралар.

-
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV кодексі
 - 19-тарау. Аитв инфекциясын жұқтырғандарға және житс-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету
 - 112-бап. АИТВ инфекциясының және ЖИТС-тың профилактикасы, диагностикасы және оны емдеу мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері Мемлекет АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға:



- 1) тегін негізде ерікті түрде жасырын және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қараудың қолжетімділігі мен сапасына, динамикалық байқауды қамтамасыз етуге, психологиялық-әлеуметтік, заңдық және медициналық консультациялар беруге;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде медициналық көмекке және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге;
- 3) әлеуметтік және құқықтық қорғауға;
- 4) ауруының сипатына байланысты қандай да бір кемсітушілік нысандарына жол бермеуіне;
- 5) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа берілу қаупін азайту жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға кепілдік береді.

- 113-бап. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды әлеуметтік қорғау
- 1. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын балалардың мектепте және басқа оқу орындарында оқуы қамтамасыз етіледі.
- 2. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды жұмыстан шығаруға, жұмысқа, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне және оқу орындарына қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ олардың өзге де құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың туыстары мен жақындарының тұрғын үй және өзге де құқықтарына нұқсан келтіруге жол берілмейді.
- 3. АИТВ жұқтыру немесе ЖИТС ауруы медицина қызметкерлерінің және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің өз міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан болған адамдардың өз өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтетуге құқығы бар.

- 114-бап. АИТВ инфекциясының профилактикасы АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шаралар:
- 1) халықтың түрлі топтарына арналған нысаналы профилактикалық және білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- 2) халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АИТВ инфекциясы бойынша эпидемия жағдайы туралы және профилактика шаралары туралы хабардар ету;
- 3) халықтың түрлі топтары үшін ақпараттық материалдар әзірлеу және тарату;
- 4) АИТВ инфекциясының жыныстық қатынас және қан арқылы жұғуынан қорғау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;
- 5) сенім, жасырын тестілеу, психологиялық, заңдық және медициналық консультациялар беру пункттерін құру;
- 6) тері қабаттары бүтіндігінің бұзылуына байланысты халыққа қызметтер көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

□ 115-бап. АИТВ-ға зерттеліп-қаралу

- 1. Қазақстан Республикасы азаматтарының және оралмандардың тегін негізде ерікті түрде жасырын және (немесе) құпия медициналық зерттеліп-қаралуға және АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша консультациялар алуға құқығы бар.
- 2. АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралуға:
 - 1) қанның, оның компоненттерінің, тіндердің және (немесе) ағзалардың (ағзалар бөліктерінің), жыныстық жасушалардың донорлары мен реципиенттері;
 - 2) өздеріне қатысты денсаулық сақтау, прокуратура, тергеу және сот органдарының сұрау салуы негізінде АИТВ жұқтырғаны ықтимал деуге жеткілікті негіздер бар адамдар;
 - 3) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес клиникалық және эпидемиологиялық айғақтар бойынша адамдар жатады.
- шегінен тыс жерлерге шығарып жіберіледі.

ЖИТС-пен ауырған не вирусын тасымалдаушы шет ел азаматтары Республика аумағынан шығарылып жіберіледі, ал еліміздің азаматтары емделуге, кешендік тексерістерден өтуге міндетті. Оларды қызметтен, жұмыстан, бизнестен, заңға қайшы келмейтін іс-әрекеттің қай түрінен болмасын шеттетуге болмайды. Тек медицина, фармацевтика, тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлері (мысалы, шаштаразшы т. б.) жұмысын ауыстыруы қажет. Олар үшін ЖИТС-пен ауыру, вирус тасымалдаушы болу — кәсіби ауру болып табылады, сондықтан біраз жеңілдіктер жасау жайы қарастырылған. Мәселен, бір мерзімдік **ақша төлеу тәрізді**. Оның үстіне ЖИТС-пен сырқаттанушылармен, вирус тасымалдаушылармен тікелей жұмыс істейтін медицина және ғылыми қызметкерлер жұмыстының зияндылығы үшін қосымша, **ақылы 24 күндік демалыс және негізгі жалақысының 60%-на дейін үстем ақы алуға құқылы**.

-
- ▣ **Қорыта айтқанда**, әдепті өмір сүріп, отбасы бірлігі берік болса, арақ-шарап ішіп, наша тартудан, кездейсоқ жыныстық жақындасудан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі ЖИТС-тен қорғай алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Кодекс Республики Қазақстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» Астана, Акорда, 18 сентяб 2009 года
- ҚР заңы «О социальный защите инвалидов в Республике Казахстан»
- Ru.government.kz/docs/z050039_20090717~1.htm
- Закон РК «О государственной социальной помощи» от 17 июля 2007.
- Евплов В. «Справочник старшей (главный) медицинской сестры», «Феникс»-2001г.
- Мильникова И.С. «Документационное обеспечение деятельности главной и старшей медицинской сестры». Москва . «Грань»-2002г.